

"КазАкмис корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 409 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, "ҚазАкмис корпорациясы" ЖШС нің 11.11.2024 жылғы № 3Т-2024-05924165 өтінішін негізге ала отырып, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "ҚазАкмис корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылдық округінің босалқы жерінен өтетін уақытша айналма жолына, жалпы көлемі 0,5660 га меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер участкелерін алып қоймай, "Қарағанды-Аягуз-Тарбағатай-Бұғаз" автожолында орналасқан Қадыр өзені арқылы өтетін жол көпіріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 2026 жылдың 31 желтоқсанға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "ҚазАкмис корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер участкесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

Ә.Арғынов

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2024 жылғы "20" желтоқсандағы

№ 409 қаулысына

қосымша

"Корпорация Казахмыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізбесі

жария сервитут
белгіленуге
жататын

| № | Орналасқан жері | Кадастырлық номері | Жалпы көлемі, га | учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га; |
|---|--|--------------------|------------------|---|
| 1 | Қарқаралы ауданы Бақты ауылдық округінің босалқы жері | 09-133- | | 0,5660 |
| | Барлығы: | | | 0,5660 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК